

direction "from content to form", "from functions to linguistic means". The analysis, directed from form to content, reflects the point of view of the listener, from meaning to form - the point of view of the speaker.

The functional approach allows us to identify patterns in the construction of an utterance: this is an analysis from the perspective of the subject of speech. Many researchers consider it important to develop a functional approach to linguistics. The functional aspect connects the language system and the speech system [9, 96]. It is a connecting link between the systemic and activity-based approaches in language learning. The functional approach allows you to more fully describe the language system. With this approach, the language is viewed as a multilevel formation, consisting of morphological, syntactic and lexical levels. So, the meaning of time can be conveyed not only by the temporal forms of the verb (morphological level), but also by lexical and other means. With a systematic approach, these ways of expressing temporal meaning turn out to be disconnected, which cannot be said with a functional approach: the ways of expression are interconnected and interdependent. With this approach, the language is viewed as a multilevel formation, consisting of morphological, syntactic and lexical levels. So, the meaning of time can be conveyed not only by the temporal forms of the verb (morphological level), but also by lexical and other means. With a systematic approach, these ways of expressing temporal meaning turn out to be disconnected, which cannot be said with a functional approach: the ways of expression are interconnected and interdependent.

References

1. Brugman, C. and George Lakoff. (2008). 'Cognitive topology and lexical networks'. In S. Small, G. Cottrell and M. Tannenhaus (eds.), *Lexical Ambiguity Resolution*. San Mateo, CA: Morgan Kaufman, p 477.
2. Croft, W. and D. A. Cruse. (2007). *Cognitive Linguistics*. Cambridge: Cambridge University Press, p 133.
3. Evans, V. (2006). 'Lexical concepts, cognitive models and meaning-construction'. *Cognitive Linguistics*, p 491.
4. Fauconnier, G. and M. Turner. (2009). *The Way We Think: Conceptual Blending and the Mind's Hidden Complexities*. New York, NY.: Basic Books, p 78.
5. Fillmore, C. (1982). 'Frame semantics'. *The Linguistic Society of Korea (ed.), Linguistics in the Morning Calm*, p 111.
6. Gallese V. and G. Lakoff. (2008). 'The Brain's Concepts: The Role of the Sensory-Motor System in Reason and Language'. *Cognitive Neuropsychology*, p 455.
7. Goldberg, A. (2006). *Constructions at Work*. Oxford: Oxford University Press, p 118.
8. Gries, S. Th. (2007). 'The many senses of run'. In Gries, Stefan Th. and Anatol Stefanowitsch (eds.), *Corpora in Cognitive Linguistics*. Berlin: Mouton de Gruyter, p 123.
9. Johnson, M. (1987). *The body in the mind. The bodily basis of meaning, imagination, and reason*. Chicago: University of Chicago Press, p 96.

Аманбекова Дарина

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
қазақ тіл білімі кафедрасының 3-курс докторанты

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ

Тәуелсіз ел болып ту көтергеннен бері мемлекетіміз халықаралық сахнаға шығып, шетелдермен терезесі тең түрде жан-жақты қарым-қатынас жасауға талпыныс жасап тұрған шақта, халықаралық қатынасты заман талабына бейімдеу үшін де қазақ тілін шетел тілдерімен салыстыра зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Бұлардың қатарына қазақ тілін қытай тілімен салыстыра қарастыру да жатады.


Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер, сыры ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдер болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар. Мәселен, ұлы ұстаз Конфуцидің атақты тұрақты тіркесінде былай деген «后生可畏» баламасы «жастарға барлық жол ашық».

Кез-келген халықтың халықтығы мен ұлттық болмысын танытатын оның өнері болса, сол өнердің алды - қызыл тіл деп халық даналығында айтылғандай, тілдің байлығын, терең тұңғыық сырларын ашқан сол тілде сөйлейтін халықтың даналығы екені сөзсіз.

Тілдің бейнелігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін құрап тұратын тілдік бірліктер – фразеологизмдер. Олар халықтың тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының, мінез-құлқының, өмір сүру ортасының, экономикалық және саяси көзқарастары мен өзгерістерінің айнасы.

Әрбір тілдік элементтер бір-бірімен тығыз байланыста, өзара қатынаста болып, тұтас жүйе құрайды. Тілде жекелеген сөздермен қатар ерекше лингвистикалық бірлік болып табылатын фразеологиялық бірліктер немесе тұрақты тіркестер деп аталатын күрделі оралымдар қолданылады. Фонема, морфема, сөз және сөйлемнің өзара қарым-қатынастарының негізінде тұрақты тіркестерді ерекше тілдік бірлік деп қарастыруға болады.

Фразеологияны толық түсіну үшін фраземаның табиғатын анықтау, оның құрамын, көлемін, шекарасын анықтау; фразеологизмнің семантикалық мәселері; фраземаның семантикалық жүйесінің құрылымы, олардың топтастырылуы, тарихи дамуы мен пайда болу көздері т.б. мәселелер жатады. Қазіргі қазақ фразеологизмдерін зерттеу І.Кеңесбаев көрсеткен барлық бағытта жүріп жатыр. Олар мынандай бағыттар: фразеологизмдердің басқа құбылыстардан айырмашылығы, фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, олардың ішкі құрылымы, фразеологизм және синонимия, фразеологизмнің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдерді жеке автродың қолдануы және т.б. (Диаграмма 1).




Фразеологизмнің бірлігі болып табылатын фраземалар дегеніміз – құрамындағы лексикалық компоненттер мағыналары мен оның тұтас мағынасының еш байланысы жоқ, ауыспалы, бейнелі мағынадағы сөздердің тұрақты тіркесі. Мысалы: «ит арқасы қиянда» фраземасы өте алыс деген мағына береді, «мұрыннан шаршылу» қатты шаршау деген мағынада, «аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу» долданып ұрсу мағынасын береді. Осындай тұрақты тіркестер қытай тілінде де көп кездеседі. Мысалы: «摆脱困境[baituo yingxiang]» бөгде заттың әсерінен құтылу, «扮演角色[banyan juese]» өзіне тиімді болу, «保持警惕[baochi jingti]» жақсы қалпында сақталып қалу, «保持中立[baochi zhongli]» бастапқыдан еш өзгеріске ұшырамау т. б. фраземаның тұтас, ортақ мағынасы оның құрамындағы сөздердің компоненттік мағынасымен еш байланысы жоқ.

Чэньюй құрылысында әртүрлі символдық мағыналарды білдіретін сыңарлардың жұптары да жиі кездеседі. 风云 [feng yun] – жел мен бұлт, соғыс қимылдарын немесе күтпеген саяси толқуларды білдіреді. 风雷 [feng lei] – жел мен күн күркіреуі төңкеріс, бас көтерулерді, ірі көлемді және үздіксіз шабуылдаушы күштерді сипаттайды. 风月 [feng yue] – жел мен ай және 风雨 [feng yu] – жел мен жаңбыр – махаббат істері мен қызықтарын көрсетеді.

Семантика (сөздің, таңбаның мәні) – фразеологизмнің құрылымынан өзге этномәдени ерекшеліктерді көрсету амалдарының маңыздыларының бірі. Қытай фразеологизмдері символдық мәндерге толы, өйткені әр түрлі мәдени кодтардың концептерінен тұрады (Диаграмма 2):

■ өсімдік атаулары ■ діни атаулары
 ■ құстар ■ жәндіктер



Фраземалар еркін сөз тіркесі емес. Сондықтан да фразеология лингвистикалық пән ретінде фразема жасам компоненттерінің (морфологиялық, лексикалық, семантикалық, синтаксистік,) арақатынасы механизмнің негізінде шектеулі тіркестердің жасалуын,ол компоненттердің мағына тұтастығын жасаудағы рөлін зерттейді. Фраземаның қасиеттері мен табиғаты оларды сөздермен, еркін сөз тіркестерімен және сөйлеммен салыстырғанда байқалады.

Мұндай салыстырудың өзіндік себептері бар:

Фраземаның фразема жасандық компоненттері – сөздер; ал фразема сөйлеуде сөз орнына қолданылады; құрылымы жағынан сөз тіркестері мен сөйлемге сәйкес келеді. Мысалы: Онсыз да қан жүрегі қақ жарылып жүр ғой. Абай Тоғжанды жұбата алмай ет жүрегі елжіреп қайтқан.

Барлық фразема құрамындағы фраземажасам компоненттер сөздер, алфразема сөйлемде тұтас қалпында жеке сөздер функциясын атқарып тұрады. Құрылымы жағынан қарастырсақ, келтірілген сөйлемдегі фразема қан жүрегі қақ жарылып, ет жүрегі елжіреп, яғни сөз тіркесінің моделімен жасалып тұр.

Келесі мәселе фразема мағынасын сөзбен ауыстыруға болады немесе болмайды қасиетіне негізделген. Фразема сөзбен бірдей дәрежеде мағына мен грамматикалық категорияға ие бола алады. Бұл – бірінші көзқарас. Мысалы: қан жұту– қайғыру, қара қылды қақ жару - әділдік. Фразема мен сөздердің мағыналары тепе-тең болған жағдайда олардың грамматикалық категориялары да ортақ болады, яғни лексикалық бірліктерге тән сындық, заттық, кимылдық, мезгілдік, категориялары негізінде түрлене алады.

Бірақ әрқашан фраземаның мағынасын сөзбен алмастыруға бола ма, болған жағдайда да толық сол мағынаны беруге сөздің құдіреті жете ме деген сұрақтар туады. Алайда сөз фразема мағынасын толық дәрежеде бере алмайтынын мойындау керек. Сөзбен алмасқан фраземаның мағынасын элементтерінің біршама бөлігі сыртта қалып қояды. Мысалы: «ит пен мысықтай болу»өш,араз, қас деген сөзбен алмастыра аламыз, бірақ тұрақты тіркес беріп тұрған информацияның біршамасы тасада қалып қояды, бұл тіркестің мағынасы «жанжалдасу» ғана емес, сонымен қоса «бірін-бірі жек көретіндігі соншама, олар әрқашан бір-біріне өш үстінде» деген мағынада қолданылады.

Сонымен қатар лексика-грамматикалық тұрғыдан да фразема мен сөз арасында толық үйлесімділік бола бермейді. Мысалы: соңғы сыңары зат есім болып келетін фраземаның барлығына да зат есімнің грамматикалық категориясы тән емес болады. Мысалы: ат үсті « үстіртін», көз ұшында «алыста» ақ ар, көк мұз «суықта, қыста» т. б. Фраземаның негізгі сыңарлары зат есімнен бола тұрып олардың тұтас мағынасы үстеудің қызметінде қолданылып тұр. Сондықтан фразема мен сөзді салыстырсақ, фраземаның салмағы ауырлау, яғни екі номинативтік бірлік арасында айырмашылық бар, дегенмен бұл айырмашылық олардың арасында қатты ұқсас белгілерді жоққа шығара алмайында. Себебі, біріншіден, фразема құрамындағы сөздер мағынасы мен тұтас мағынасын

салыстыруға болмайды, тұрақты тіркестің жеке компоненттері өздерінің лексикалық мағынасынан айырылған, семантикалық жағынан қайта құрылған, жаңадан жасалынған болады. Мысалы: екі көзі төрт болу «зарыға күту», үріп ауызға салғандай «әдемі», екіншіден фразема мағынасының көлемін сөзбен теңестіру мүмкін емес; үшіншіден сөздің лексикалық мағынасы мен фраземаның фразеологиялық мағыналары арасында сәйкестік бар болғанымен де, олар әр түрлі құрылымдарға ие келеді. Сөз құрылымы ең кішкентай тілдік элемент – морфемадан тұрса, фразема компоненттердің шығу төркіні – сөздер. Сондықтан сөз – тұтас, бүтін тұлға, ал фразема – жеке дара тұлға болды. Басқаша қарасақ сөз бір екпінді, ал фраземалар екі немесе одан да көп екпінді боп есептелінеді.

Фразема мен сөз тіркесінің арасындағы ұқсастық – фраземаның түп-төркіні сөз тіркесінде жатыр. Екі тұлға да толық мағыналы сөздердің тіркесуінен жасалған. Ал айырмашылықтары: фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылуы, ал сөз тіркестері сөйлеуде жасалады. Фразеологизмдердің мағыналарының бүтіндігі мен тұтастығы, сөз тіркестер мағынасының ыдыраңқылығы, яғни құрамындағы компоненттері жеке мағынада қолданылуында. Мысалы: қол алысу «келісу, шарт жасау» болса, еркін мағынасында әр сөз өзінің жеке тура мағынасын сақтауға фраземаның омонимдес еркін тіркестен айырмашылығы: даяр қалпында қолданылуы және тұрақтылығы.

Фраземаның тұтастығы - белгілі бір ситуацияны бөліп- жармай бейнелеп, тізбектеп көрсете алуы. Мысалы: тумаған сиырдың уызынан дәм ету «бос қиялдау» фраземасын «шағын сюжетті мәтін» деп тануға болады. Ол мәтіннің мазмұны: шал мен кемпір болыпты. Бір сиырға зар болыпты. Екеуі армандапты «Шіркін, сиырым болса, ол бұзауласса»...Фраземаның пайда болуының негізінде ситуация жатыр. Ол қысқарып, екшелеп, белгілі бір бейнеге бағытталып «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болып табылатын фразема жасауға ұйытқы болады. Бұл заңдылық қытай тілінің тұрақты тіркестерінде де көптеп кездеседі. Мысалы: «画蛇添足[hua she tian zu]» тұрақты тіркесінің мағынасы «жыланға аяқ қосып салу». Оның негізінде хикая жатыр: ертенде төрт жолдас өз-араларында «кімде кім бірінші жыланды салып бітірсе, соған бір шөлмек шарап береміз» деп бәсекеге түсіпті. Біреуі басқалардан ертерек бітіріп, оған қоса «жыланым ең әдемі болады» деп салынған суретіне аяқ қосады. Көп жасаймын деп, бәрін бүлдіреді.

Фраземаның номенативтік тұтастығы оны құрастырушы сыңарлардың мағынасымен әлдеқайда басым. Мысалы: «шексіз бақытты, әлемге симайтын қуаныш» басы көкке бірақ елі жетпедінемесе «қатты уайымға, қайғыға салыну» жүрегін жара тілу, «бірге ұзақ ғұмыр жасау» 白头偕老[bai tuo xie lao], «қатты қайғыру» 黯然神伤[an ran shen shang].

Фраземалардың жасалу құрылымы мен тұлғалары жағынан еркін сөз тіркестерімен сөйлемдерден еш айырмашылығы жоқ болса, фраземалардағы тұтастық бөліп-жаруға келмейтін бүтіндік, олардың мағынасының беріктігінен келіп шығады. Құрылысы тұрғысынан сөз тіркестерімен барабар фразеологизмдердің номинативтік тұтастығы фраземалық таңбаның екі жақтылығымен байланысты болады, яғни таңбалаушы мен таңбаланушы арасында сәйкестік жоқ. Еркін сөз тіркестері мағынасымен оларды құрастырушы сыңарларының арасында тура байланыс анық көрініп тұрады.

Фраземаның даяр қалпында жұмсалуы дегеніміз – олардың сөйлеу барысында жиі қайталанып қолданылуы. Бірақ даяр қалпында жұмсалу тек фраземаларға тән емес, тілімізде құранды терминдер (ит бүлдірген), мақал-мәтелдер (айдағаны жеті ешкі, ысқырығы жер жарады), кейбір атаулар (аяқ-киім), қанатты сөздер мен афоризмдер (Ғылым таппай мақтанба) т.б. сөйлеу кезінде жасалынбай тілде даяр қалпында пайдаланылады. Ал ырымшылдық мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер лексикалық мағынасын толық сақтап отырып, сөйлем мүшесіне талдауға келеді. Сонымен қатар фраземалар морфологиялық, синтаксистік нормаларға сүйеніп жасалады. Мысалы: ақылға жеңдіру, көңілге қонымды, басқа шығару. Барыс септігін меңгеретін етістікті сөз тіркесі: басты қатыру, көздіжүму, желкені қасу; табыс септігін меңгеретін етістікті сөздер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алмауытова А.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: Филол. ғ. канд. дис. автореф. — Алматы, 2005. — 34 б.
2. Li Xue.Shuzi de wen hua. – Jilin: Jilinda xue chu ban she: 2006nian. – 756 б.
3. Дәулетова Ф.Н. Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. Алматы; «Қазақ университеті», 2006. – 180 б.
4. Wang Cao. Shu zi de shen mi. – Shanghai: Hua dong shi fan da xue chubanshe, 2004nian – 500 б.